

«АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ»

ГASTРОФЕСТИВАЛДА КӨПШІЛІКТІҢ НАЗАРЫ ОЙЫЛДЫҢ ӨНІМІ МЕН ӨНЕРІНЕ АУДЫ

ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНДА ӨНІРДІҢ СИМВОЛЫ – ТАРЫ ӨНІМІНЕ АРНАЛҒАН «АҚТӨБЕ – ТАРЫНЫҢ АСТАНАСЫ» АТТЫ ГАСТРОФЕСТИВАЛЬ СӨТТІ ӨТТІ. МЫҢНАН АСТАМ ҚОНАҚ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТУРИСТТЕР, ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ОБЛЫС АУДАНДАРЫНАН КЕЛГЕН ҚАТЫСУШЫЛАР ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР, ДӘСТҮРЛЕР МЕН ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР ТОҒЫСҚАН ЕРЕКШЕ АТМОСФЕРАДА БАС ҚОСТЫ.



Фестиваль қонақтары дәстүрлі рецептерден бастап фьюжн стиліндегі авторлық интерпретацияларға дейін тарыдан жасалған 50-ден астам тағамның дәмін татып көрді.

Айырықша танымал болған – тары шайы, қанық дәм мен пайдалы қасиеттерімен ерекшеленетін, қазақ даласында

ғасырлар бойы тұтынылған дәстүрлі сусын.

Сонымен қатар, шеберлік сағаттары, қолөнер жәрмеңкесі мен дәм тату аймақтары фестивальдің гастрономиялық мазмұнын толықтырып қана қоймай, жергілікті фермерлер мен қолөнершілерге өз өнімдерін ұсынуға мүмкін-

дік берді.

Ерекше назар тарының жоғары өнімділігі бойынша әлемдік рекорд орнатқан көрнекті агроном Шығанақ Берсиевтің туған өлкесі – Ойыл ауданының қатысуына аударылды. Қонақтар аудандық мұражайдан әкелінген бірегей экспонаттарды тамашалап, тары

өсіру тарихымен, оның рухани және мәдени мәнімен танысты.

Тарыны өңдеудің дәстүрлі әдістері көрсетіліп, театрландырылған қойылымдар ұсынылды – бұл фестивальді тек дәмді емес, сонымен қатар танымдық шараға айналдырды.



ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ 2025 ЖЫЛДЫҢ I МАУСЫМЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ!



**ПРЕЗИДЕНТТІК
ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІ**
ПРЕЗИДЕНТСКИЙ МОЛОДЕЖНЫЙ
КАДРОВЫЙ РЕЗЕРВ

Еліміздің дамуына өз үлесінді қос!
Внеси свой вклад в развитие страны!

*Президенттік жастар кадр резервіне алынатын кандидаттарға келесі талаптар қойылады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматы;
 - 2) жасы 35 жастан аспаған;
 - 3) жоғары білімі болуы;
 - 4) мемлекеттік тілді B1 деңгейінен төмен емес меңгерген;
 - 5) 5 жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.
- *Іріктеу келесі салалық бағыттар бойынша жүргізіледі:
- 1) инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;
 - 2) агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау;
 - 3) сыртқы саясат және инвестициялар;
 - 4) экономикалық және қаржылық саясат;
 - 5) цифрландыру;
 - 6) әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам.

*Қатысуға өтінімді 1-30 маусым аралығында pkrezerv.gov.kz сайтында беруге болады.

*Қосымша ақпараттарды 8(7132) 55-09-60 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

*Мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбекқор, Отанға қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастарды шақырамыз!

ҮЙІРАІ ШЕГІРТКЕЛЕР ШАРУАЛАРДЫ «ШЫРЫЛДАТЫП» ОТЫР



«Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейтін қазақ әуелден алдымен малдың қамына маңыз берген. Мамыр айы туғалы малмен бірге өрген шаруалар үйірлі шегірткенің дернәсілдері бой көрсете бастағанын айтып дабыл қақты.

Рас, 2024 жылы өсімдік қорғау іс-шараларының, оның ішінде зиянды және ерекше қауіпті организмдердің, аурулардың ошақтарын анықтап, таралу және даму динамикасын бақылап, тиянақты зерттеу жұмыстары жүргізілді.

ҚР АШМ «РФД және БӨО» РММ-нің ұсынған аумақтардағы Италия шегірткесінің дернәсілдерінің шығуы мен жұмыртқа салу аралығындағы іс-шаралар үшін 2025 жылға 55817 гектар жер жоспарланып, оның ішінде жермен - 43176 га, әуемен - 12641 га жер болжанып, бекітілгенді. ҚР АШМ «РФД және БӨО» РММ-нің Ақтөбе облысы Ойыл аудандық филиалының басшысы Мейірхан Нәбиев шаруалардың айтулары бойынша және өздерінің зерттеу-

лері негізінде шегірткелердің дернәсілдері бүгінгі күні аудан бойынша 114040 га аумақтан білініп отырғанын айтады. Аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Бердіғали Абдуллин, «аудан аумағында 16 мамыр күні италиялық шегіртке дернәсілдеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары басталды.

Жоспар бойынша Ойыл - 6345 га, Ш.Берсиев – 9910 га, Саралжын - 7375 га, Көптоғай - 8052 га, Қайыңды - 7266 га, Сарбие - 8837 га, Қарайой а/о - 8032 гектар жерге өңдеу жүргізіледі.

Қазіргі таңда «Бағжан» ЖК 3 бірлік жер үсті желдеткіш бүріккіш техникасы, «Ақтөбе Құнарлық» ЖШС-нен 1 бірлік аэрозольдік генератор және «Мактоксин» ЖШС-нен 1 газогенератор техникасы жұмыс жасауда. Қазіргі таңда аудан бойынша барлығы - 10403 гектар жер өңделіп отыр», - дейді. Осылайша, ауданда аз ғана уақыт жолындағысын жайпап, ұрығын шашып өтетін үйірлі шегірткенің жолы кесілді. Бұл жұмыс әлі де жалғасып жатыр.

«ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН»

Ішкі істер министрлігі жариялаған құқық бұзушылықтар профилактикасы жылы: «Полиция заң мен тәртіпті күзетінде» шеңберінде және Полиция күніне орайластырылған айлықты өткізу, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру, полицияның имиджін арттыру және ведомствоаралық өзара іс-қимылды кеңейту, қоғамның назарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына аудару, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне жәрдемдесу қағидасын және ішкі істер органдарына қоғамдық сенімді нығайту мақсатында, ағымдағы жылдың 20 сәуір

мен 20 мамыр аралығында республикалық «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты челлендж-флешмобы бастау алған болатын. Осы орайда, Ойыл ауданы полиция бөлімі осы челленджді яғни ізгілік тізбегін аудан орталығында жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, ауқымды көлемде аудан тұрғындарына өткізілді. Бұл біздің зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікке және әр отбасын бейбітшілікке шақыруымыз. Әр аймақ, әр дауыс, әр оқиға осы үлкен Республикалық толқынның бір бөлігі. Бірге-мықты, қамқор және қауіпсіз мемлекет құрамыз.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2025 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3515,22

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

6796,86

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА
(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

3070,90

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

С ЧЕСТЬЮ ИСПОЛНИЛ СВОЙ ДОЛГ



Видный ученый в области микробиологии, эпидемиологии, доктор медицинских наук, ветеран Великой Отечественной войны, участник подготовки Тегеранской конференции глав правительств антифашистской коалиции (1943), профессор, полковник медицинской службы Куаныш Аманбаевич Макиров родился 15 июня 1910 года в ауле №6 Хобдинского района (ныне аул Кызылсай, Каиндинского сельского округа, Уилского района) Актюбинской области в семье крестьянина-бедняка. Отец Аманбай (из рода Ак кете, отделения Алимбет) исконно занимавшийся скотоводством, как и его два сына умерли в 1932-1933 годы в последствии инфекционного заболевания. Из родных осталась только сестренка Такен (ее внук Ура-залин Аскар Киикбаевич проживает в Хобде). Рано познавшему труд па-стуха, только в 1923г. удается сесть за парту сельской школы и получить среднее образова-ние в 1928г. в г.Темире. В тот же год поступает на первый курс Казахского института на-родного просвещения, кото-рый в 1925г. был переведен из Оренбурга в Кызылорду. В 1930г. направляется в 1-й Мо-сковский медицинский инсти-тут (ведущий свою историю с 1758г.). В этот период Страна Советов приступила к укре-плению своей Красной Армии передовым отрядом советской молодежи. В числе лучших комсомольцев Куаныш Маки-ров, как активный член столич-ной комсомольской организа-ции (член комитета комсомола института, в составе инженер-но-национальной бригады уча-ствовал в строительстве Мо-сковского метро) направляется в Военно-медицинскую ордена Ленина академию им. С.М.Ки-рова в Ленинград (1934г.). После окончания (1935г.) ака-демии начинает службу воен-врачом Казахского террито-риального кавалерийского полка. (в 1936 г. включен в состав 6-й Узбекской горной кавалерий-ской дивизии). С 1936 года активно занимается наукой в области инфекционной па-тологии. Работая в войсках в качестве военного врача, затем начальника медицин-ской службы полка приобрел большой опыт по организации противозэпидемиологического обеспечения войск в мирное и в военное время. В 1937-1938 годы был в спецкомандиров-ке в Китае. Как высокоэруди-рованный врач и передовой офицер К.Макиров выдвигает-ся на ответственный пост (1940-1947г.) в Генеральный штаб ВС, в предвоенные годы организационно вошедшего в состав Комитета Обороны. В 1940-1942 годы находился со спецзаданием в Иране, где собрал научный и информа-ционный материал по изуче-нию природных очагов чумы, клещевого энцефалита, ко-торый оказался полезным в дальнейшем для обеспечения эпидемиологического благо-получия советских войск. Он участник подготовки истори-ческой Тегеранской конферен-ции (1943г.) глав правительств антигитлеровской коалиции. Находясь в ставке Верховно-го командования, выполняет ответственные задания по ор-ганизации боевого обеспече-ния действующей армии. По службе ему приходилось не только собирать материалы о группировке и боеспособности

войск противника, но и о на-личии эпидемических очагов инфекционных заболеваний на вражеской территории. Он участвовал в медицинском и санитарно-противоэпидеми-ческом обеспечении войска польского и чехословацких корпусов, среди населения освобожденных стран и десят-ков тысяч пленных. В 1944 году в боях под Варша-вой он был тяжело ранен. За славный труд в Генеральном штабе, за боевые подвиги на фронте и образцовое выпол-нение боевых заданий коман-дования Куаныш Аманбаевич был награжден двумя орде-нами Отечественной войны 1 степени (1944, 1945), орденом Красной Звезды (1950), орде-ном БоевогоКрасного Знаме-ни (1955) и многими боевыми медалями, неоднократно ему объявляется благодарность командования. На оснований конкурса лич-ных дел К.Макиров в 1948 г. прошел отбор слушателем командно-медицинского фа-культета военно-медицинской академии в Ленинграде , и закончив его в 1950г. прини-мается преподавателем кафе-дры спецподготовки и одно-временно деканом лечебного факультета 2-го Московского медицинскогo института, где проработал до 1956г. Далее педагогическую деятельность продолжил в Челябинском ме-дицинском институте вплоть до увольнения в запас. В 1959 году увольняется в за-пас по собственному желанию и принимает решение о воз-вращении на историческую родину, в Казахстан. Этому ре-шению, в немалой степени (из их личной переписки), способ-ствовал его земляк, соратник по науке, товарищ по жизни академик Ишанбай Каракулов. В 1959-1962гг. К.Макиров до-цент кафедры эпидемиологии, с 1962г. и до конца своей жиз-ни – заведующий кафедрой микробиологии и вирусологии, проректор по научной работе Алма-Атинского государствен-ного медицинского института. В эти же годы, по линии все-союзного ообщства «Знание», командировался в Индию, Англию по специфике своей деятельности. . В составе раз-личных комиссий МЗ Каз.ССР он неоднократно выезжал на различные неблагополучные эпидемические очаги, где он проявлял способность органи-зовать противозэпидемические меры защиты населения. По результатам проведенных ис-следований К. Макиров вно-сил ценные предложения в МЗ Каз.ССР для принятия Пра-вительством республики со-ответствующих решений для улучшения здравоохранения в нашей стране. Его вклад в развитие науки отмечен орде-ном Трудового Красного Зна-мени (1971). Автор более 130 научных работ, 6 монографии, учебного пособия по военной эпидемиологии, учебника по общей микробиологии и виру-сологии, подготовил 25 канди-датов и докторов наук. Светилы науки (слева на-право): Мартиневский И.Л. ученый-микробиолог, д.м.н., профессор, Макиров К.А. ученый-эпидемиолог, д.м.н., профессор, Шарманов Т.Ш. ученый, гигиенист-нутрицо-лог, д.м.н., академик, Караку-лов И.К. ученый-эпидемиолог, д.м.н., академик, Айкимбаев М.А. врач-эпидемиолог, д.м.н., профессор.

Профессор К.А. Макиров остался в памяти людей, ко-торые близко его знали, в том числе многочисленных учени-ков, как человек поучительной биографии, истинный патриот нашей Родины, воин, ученый, педагог, интернационалист и Учитель с большой буквы. «Ку-аныш Аманбаевич мой учитель и наставник. Если его первые лекции «привели» меня в на-учно-студенческий кружок по микробиологии, то эмпириче-ские знания предмета, талант педагога и наставника предо-пределили выбор мною стези

ученого. В Профессоре, (так она его всегда называет) на-ряду с волевым и непреклонным характером военного ученого сочетались простая челове-ческая честность и скром-ность. Его большое трудолю-бие дополнялось безупречной грамотностью. Написанный один раз текст он никогда не дополнял и не исправлял... Настолько он был грамот-ным!» - вспоминает Таурбаева Нургүль Таурбаевна к.м.н., до-цент кафедры микробиологии, вирусологии и иммунологии КазНМУ, последний аспирант Макирова. Научные идеи и практические рекомендации К.А. Макирова продолжают-ся в трудах его многочисленных учеников и сотрудников кафе-дры микробиологии, вирусоло-гии с курсом иммунологии Казахского государственного медицинского университета им.С.Ж. Асфендиярова, кото-рую он возглавлял четверть века.

Женился К.Макиров сразу после окончания военной ака-демии (1935г.). Супруга Маки-рова (Хахалина) Антонина Ан-дreeвна в годы войны активно трудилась в тылу, имела ме-даль «Заслуженный труженик тыла», после работала в раз-личных издательствах Москвы. Сын Макиров Эдуард Куаны-шевич (1937-2020) г. закон-чил Московский авиационный институт, работал всю жизнь по специальности в системе Росавиакосмоса, в том числе и на руководящих должностях. Его супруга, Макирова Лия Ев-геньевна (1947-2021)гг. закон-чила Всесоюзный юридиче-ский институт, посвятила себя работе в органах прокуратуры (17 лет отдала следственной работе), награждена медалью «Почетный работник прокура-туры». Внучка Макирова Еле-на Эдуардовна (06.07.1978, родилась в День Уила) за-кончила Московскую государ-ственную юридическую акаде-мию, 25 лет служит в органах прокуратуры города Москвы, советник юстиции 2-го класса. Брак К.Макирова с Антониной Андреевной в 1954 году рас-пался, и он в1956 году пере-ехал в Челябинск. Здесь он встретился и создал семью с Поцковской (далее Маки-рова) Ириной Александров-ной, родившейся в 1925 г. в Сан-Франциско (США) в семье консула. Выйдя в отставку, в 1959 г. переезжает с семьей в Алма-Ату (хотя по статусу мог выбрать любой город Союза), на родину. В 1961 году рож-дается второй сын Олег (по-чему-то все зовут Алик). Олег пошел было по стопам отца, но с третьего курса АГМИ не осилив сессию ушел рабо-тать фельдшером. Женился, родился сын, который в де-вятнадцатилетнем возрасте умер от врожденного порока сердца. В 1980 году после про-должительной болезни сконча-лась Ирина Александровна, а в 1986 году в возрасте 76 лет в своей квартире внезапно умер Куаныш Макиров. И сегодня, с большим волне-нием и особой теплотой вспо-минает Елена Макирова. – « На протяжении военных лет мой отец и бабушка находи-лись в Москве, жили они в са-мом центре, у Кремля, в доме где в настоящее время нахо-дится гостиница «Балчуг». Ба-бушка работала на оборонном предприятии и папа, будучи маленьким ребенком, с куском хлеба и стаканом воды целы-ми днями оставался в кварти-ре один. В послевоенные годы жизнь стала налаживаться, дедуш-ка вернулся с фронта, отец пошел в школу, которую за-начил с медалью, поступил в престижный Московский Ави-ационный институт, но к сожа-лению родители разошлись, расторгнув брак, что явилось для 18 летнего молодого чело-века страшным ударом. На протяжении всей своей жизни он говорил о том, что любит отца, и ему было очень тяжело принять и смириться с

этим фактом. Нашла письмо дедушки, в котором он пишет о том, что никогда не пере-станет любить его и поддер-живать, просит «собраться» и идти только вперед. Дедушка сдержал свое слово, он дей-ствительно всегда был с ним на связи по возможности того времени, писал, приезжал, одним словом принимал активное участие в жизни сына. Папа рассказывал, что де-душка предлагал переехать к нему в Алма-Ату, обещал под-держку в карьере, да и просто жить рядом и видеться чаще, но он вынужден был отказать-ся, поскольку не мог оставить мать в Москве совсем одну. К выбору отца в личной жизни дедушка отнесся положитель-но. С моей мамой Лией Евге-ньевной, у них было полное взаимопонимание. Мама была серьезным, ответственным че-ловеком, твердо стоящим на ногах, занимала в то время должность старшего следова-теля в органах прокуратуры. Дедушка поддерживал моло-дую семью, в том числе мате-риально, был добр и щедр, ре-гулярно заезжал к нам, бывая в Москве на научных конфе-ренциях. Когда родители вы-бирали для меня имя, они хо-тели сделать приятное деду и назвать Сауле. Узнав об этом он сказал: «Не выдумывайте, вы живете в Москве, называй-те обычным русским именем». Так меня назвали Еленой. В 1982 году наша семья по приглашению деда прибыла в г.Алма-Ата погостить у него и познакомиться с прекрасным городом, в то время столицей Казахской ССР. Город поразил меня своей красотой и разви-той инфраструктурой. Вдалеке виднелись горы с заснеженны-ми вершинами, было солнечно и свежо. Дедушкина квартира находилась в центре города, показалась мне просторной и уютной. В эти несколько недель мы очень с ним сбли-зились, помню все кружила его держа под руку и напевая детские песенки, а он смеялся. Подаренные мною поделки он называл «художественны-ми ценностями» и расстав-лял в шкафу за стеклом. Тогда мы все были счастли-вы...Со слезами на глазах вспоминаю то время, когда мои самые близкие люди на-ходились рядом, любили и оберегали меня. Бытует в народе такое высказывание: «Гордьясь своими предками, не лишай такой же возмож-ности своих потомков». Мой отец, как и дедушка являлся одаренным человеком, он мог все, если ставил перед собой цель, прекрасно писал. Не встречала в своей жизни чело-века, который бы превосшел его в умении так красиво и в логической последова-тельности излагать свои мысли. Папа любил повторять одну фразу, которая запомнилась мне на всю жизнь: «Главное всегда оставаться человеком и не опускаться до уровня тех, кто ведет себя неправильно». Стараюсь следовать этому всегда. При заключений брака не меняла фамилию, оставила девичью в знак глубокой лю-бви и уважения к отцу и Памяти Деда!

Легендарная личность, с че-стью исполнивший свой долг гражданина и офицера, воз-ложивший всю свою жизнь на алтарь мира и благополучия, стократно восславивший имя своего народа, не прекло-нивший честь перед нуждой, сегодня нуждается только в одном – в сохранении Памя-ти! Память – ратного труда, беззаветной любви к родине - служила бы ярким примером в воспитаний поколений, в вос-питании настоящего Человека! (биография Макирова К.А со-ставлена на оснований дан-ных из личных листов учета, автобиографии написанных им лично в 1959 и 1970 годах).

Нурлан ЖУМАГАЛИЕВ, Краевед, Почетный гражданин Уилского района.

АЛТЫ АУЫЛДЫҢ АЙТАРҢЫ БАР!

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ӨТКЕН АПТАДА СА-РАЛЖЫН ЖӘНЕ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында Асқар Қазыбаев Ойыл ауданының әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға же-ке-жеке тоқталып, ауданның және ауылдық округтердің әр саладағы өсім деңгейімен та-ныстырып өтті. Аудан әкімінің әлеумет-тік-экономикалық саладағы атқарылған және алдағы жоспарларын тыңдаған ауыл тұрғындары жергілікті жерде-гі бірқатар өзекті сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Саралжын ауылдық округіне қарасты ауылдардың тұрғын-дары жол мәселесі, қысқы мал азығын даярлау, ауылды газдандыру сынды бірқатар мәселелер көтеріп, жеке ша-руа қожалықтарының ауыл-дық округтің жайылымдық жерлерінің тарылуына соқты-

рып отырғанын жеткізді. Ал, Қайыңды Көсембай ауылдары тұрғындарының тарапынан орталықпен қа-тынайтын жол мәселесі, газ мәселесі, мал ауруларының алдын алу шаралары туралы мәселелерді алға тартты. Со-нымен қатар жұмыс мәселесі және қысқа дайындық жұмы-стары талқыланды. Аудан басшысы Асқар Қазы-баев ауыл тұрғындарының өтініш-тілектері мен маңыз-ды сұрақтары бойынша ар-найы іс-шаралар жоспарын құрып, қолданыстағы заң та-лаптары аясында жұмыстар жүргізілетінін айтып, ауыл-дық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Кездесу соңында, ауыл тұрғындарын жеке сұрақтары бойынша қа-былдау өткізілді.

ЖОСПАРЛЫ ТЕКСЕРУДІҢ «ЖЕМІСІ» 33 АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУҒА БАСА НАЗАР АУДАРАДЫ. БҰЛ БАҒЫТТА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ-ТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗ-МЕТТЕР КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ, ӨКІМШІЛІК КЕ-ДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА ДЕГЕН СЕНІМІН НЫҒАЙТУ.



Қойылған міндеттерді іске асыру аясында Департамент тарапынан жүйелі түрде бақы-лау және түсіндіру іс-шарала-ры жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде заңнама талаптарының сақта-луына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте қоғамдық бақылау тетіктері мен азаматтардың қатысуы да назардан тыс қалмайды. Дегенмен, мем-лекеттік органдар тарапынан азаматтарға қызмет көрсету кезінде заң бұзушылықтарға жол берілетін жекелеген жағдайлар кездеседі. Атап айтқанда, негізсіз бас тарту, артық құжаттар талап ету не-месе қызмет көрсету мерзім-дерін бұзу сияқты кемшіліктер орын алып жатады. Аталған заңбұзушылықтардың алдын алу мақсатында Мем-лекеттік қызмет істері агент-тігінің Ақтөбе облысы бойын-ша департаменті мемлекеттік мекемелерде жоспарлы тек-серулер жүргізеді. Тексеру барысында қызмет көрсетуші тарапынан заң талаптарының сақталуы мұқият зерделенеді. Мәселен, ағымдағы жылы

Департамент тарапынан Ақтөбе қалалық емханасын-да «Медициналық-санитари-ялық алғашқы көмек көрсе-тетін медициналық ұйымға бекіту» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібінің сақталуы-на байланысты жоспарлы тексеру жүргізілді. Нәтиже-сінде, көрсетілетін қызметті алушыларға негізсіз бас тарту фактілері анықталып, 33 аза-маттың құқықтары қалпына келтірілді. Бұл бағыттағы жұмыстар ал-дағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады. Мем-лекеттік органдармен және азаматтық қоғам институтта-рымен тығыз ынтымақтастық арқылы мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заң-дылықты қамтамасыз ету — басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Аружан ДОСЕКШОВА, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мем-лекеттік көрсетілетін қыз-меттер басқармасының бас маманы.

СЫРЫМ БАҚТЫТЕРЕУІҰЛЫ

ТАҢҒЫ ШЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЕКІ ДҮРКІН – КОМИССАР ЖӘНЕ МИНИСТР ҚҰЗЫРЕТІНДЕ БАСҚАРҒАН, ӨЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ОҒАН ДҮНИЕЖҰЗІЛІК ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ САРАПШЫСЫ ҚҰЗЫРЕТІНДЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН, ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢДЕ БИЛІК, ҒЫЛЫМИ, ҰСТАЗДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАТАР АТҚАРҒАН ДАРА ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРІ – ИШАНБАЙ ҚАРАҒҰЛОВ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР.

Қазан айының денені темірдей қаритын суық желі басталған сияқты. Ишанбай бойының дірілін сезіп, күртесін қаусырынды. Сонда да Қуырдақтының қоңыр белінен көзін алмай ұзақ тұрды. Жапырағы құрап, сойдиып собығы қалған тықыр жусанның ащы исі бәрібір мұрын жарады. Өзен жарқабағын тесіп ақ бордан тұрғызылған Шектібай ата мешітінің жел құлатып, су шайған, мүйіздене жылтыраған жұқанасы жүректі шымырлатады. Сағынышын басу үшін іздеп келген атажұртының өзирге айтары сол ғана. Күні бойы қорымды жалғыз аралап, шөптесін төбешіктер арасынан әрі іздеп, бері іздеп ағасы Жаналының, апасы Жанияның жатқан жерін таба алмады. Жаратқан ием, қорықшы Қарағұлға сонша бала берді де, сол балаларының бір шаңырақ астында бақытты өмір сүруін бұйырпады. Неге? Бірге туып, бірге өлмек жоқ, бірақ бірге туғанның рухы жаныңда мәңгілік, сол мәңгілік рух жадын санада қайрап, қан қыздырады. Ақыры тапты – ағасын, апасын емес, әкесін. Жан-жағы кетіліп, қисая құлаған құлпытастағы "... Бисенбіұлы Қарағұл, руы өлім ..., жаңатуған тармағы ..." деген жазуды оқыды. Жүрегі атқақтап, көзіне жас толды. Тағдыр, иә тағдыр. Әке өлімін кеш естіп, топырақ сала алмағаны – көңілге жұбаныш демесең, тіпті онда тұрған да ештеңе жоқ, қиналатыны – анадан да, әкеден де айрылып, аға, апаларының бірінен соң бірі шетінеп, үлкен әулеттің селдіреп қалғаны! Алайда, қанша қизаласа да, тағдыр түгінді қалдырмай түгел жұтатын құрдым емес, Қарағұл әулеті бәрібір құрып кетпейді. Тіршілік барда, ғажап балалық шағының қызығы қалған, жыл сайын жаңаратын, өмірінің таңғы шығындай мөлдіреп қайта түлейтін туған жерінен оны ешқандай құдірет бөліп ала алмайды. Жүрегі төмен тарта берген соң, экспедицияның соңғы күнін тағатсыз күтіп, сағынышпен жеткені осы, жетіспейтпейтіні де сол сағыныш. Әйтпесе, мұнда Қарағұл балаларының бір де бірі жоқ, жан-жаққа тентіреп кетті. Арғы атадан қосылатын Нәби Жантілеуовтің қара шаңырағы ғана қалыпты, соның өзі – ешқашан өзін танытпайтын өмір деген құдіреттің бойыңнан мүлдем жоғалып кетпейтінін, өміріңнің бастауы сонда жатқанын үнсіз ұқтатып, сикыр әлемі сияқты, атажұртыңмен мәңгілік байланып қалатынына темірқазық дәлел. Ұмытпапты, сол Нәби үш-төрт жасар Ишанбайды қасына шақырып алып: “Орайыңды көрсетші” дейтін көзі күлімдеп, “міне” деп ол төбесін тосатын.

Тұқым қуалайтын “қал” сияқты “орайдың” да тектен текке көшіп жүретінін алғаш сонда естіген. “Көрдің бе, мендегі орай сенде де бар, ол Орақ бабамызда да болған” дегенде “мұны неге айтып тұр?” деп ағасына аңтарыла қараған. Мәселе басқада екен, шындап байыптай алмаса да, туған жерге, туысқан адамға деген сезімнің дүниеге өзімен бірге келетінін өмір талай рет көрсетті.

Нәбидің: “Көрдің бе, мендегі орай сенде де бар, ол

Орақ бабамызда да болған” деуі орайды емес, Орақты меңзеуі-тің. Қобыланды батыр қызылбастардың Шошай хан басқарған қалың қолына тұтқынға түскенде, қарындасы Қарылғаштың жаны шықырап, күйеуі Орақ батырға: "Жақының болмас жырағы Тезірек баршы, батырым, Көкем мен сенің жолыңа Мен де бір құрбан лағың" - дейтіні бар емес пе?! Әкесі Қарағұл тәптіштеп айтып, санасына әптен сіңдіріп кеткендей, Орақ соғыста шейіт болғаннан кейін, еліне оралып, сүйегі Қобда топырағында, ағасының қасында жатқан Қарылғашпен еріп келген Қараның қанынан тараған жаңа туғандар тармақтала келе, өз алдына рулы елге айналмаса, өзі сол рулы елдің шүмекті сылдыры болмаса бүйтер ме еді?! Ата жұрт пен Ата тек жайлы пайым сиқыршының ойлап тапқаны емес, сырын білсе жаратқан ием ғана білетін құдіретті ақиқат, және ешбір сыртқы күш араласа алмайтын, табиғаттың суығы мен ыстығының табиғи жұптасуынан пайда болатындықтан ылғи да мөлдіреп тұратын таңғы шық сияқты ерекше жаратылыс. Содан ба, әй-содан шығар, бас тіреп баратын бір де бір туысы қалмағанын біле тұра, Атажұртқа жеткенше ыстық демі бір басылмай қойып еді, енді тірісіне жолықпақ түгіл өлісінің өзінің жатқан жерін дәл таба алмай, сергелдеңге түскенде еңсесі езіліп, бойы салқындауы тиісті, жоқ, олай емес, алпыс алтты тамырын қуалаған қанның ыстығы бәрібір сол күйінде. Әкесі Қарағұл шегелеп айтып, санасына әптен сіңдірген жеті атасының есімдері құлағында шуылдайды. Ащы Ойылдың жағалауына жыпырлай өскен борық көз алдында жасыл ормандай жайқалады. Аштық не істеткізбейді, қара балшықты тізеден кешіп борық суырып, оны суға шайып, талқандап жеуші еді. Атшоңқай деп аталатын сол тамақтың дәмі аузына келгендей болады. О, қасиетіңнен айналайын Атажұрт, бірге туғандарын көре алмаса да, Қарағұл әулетіне сол жолы сол жұрттың желжілдеп өсіп келе жатқан аруын келін ету бақыты бұйырып еді-ау?! Нәби ағасының үйінде сағынышын баса алмай, еңсесі түсіп отырғанда еңтелей басып Константин кіріп келді. Баяғы ежелгі көршісі, ағасы Тауасардың досы. Бірге тумаса да, бірге туғаннан бетер шұрқырасып, қолды аяққа тигізбей, үйіне алды да кетті. Уақыт қатал, Лев Львович ақсақал дүниеден өтіпті. Ольга Ананьевна сылынып, еңкіш тартыпты, бірақ бұрынғы ашық көңілімен ақжарқын қарсы алды. Тіпті, "Ириада, қайдасың, Караның кенжесі келді ғой, сәлем бер" деп, самбырлай жөнелді. Бөлмеге екі беті жарылмаған алмайдай томпыып, толықсыған ару кіргенде, Ишанбай одан көзін ала алмай қатты да қалды. Сонау жылдары, жетім балалармен бірге Орынборға аттанар алдындағы кездесу еміс-еміс есіне келді. “Қыз тез бойжетеді” деген ып-рас. Мына ару сондағы әкесінің құшағына тығылған, көздері таңғы шықтай мөлдіреп, именшектей қараған ұялшақ

қызға ұқсамайды. Жаратушы силаған сұлулықты саудаға салғысы келмей, қылымсып, құбылудан ада, “келуіңізбен аға, туған жердің топырағын басып, қунап қалдыңыз ба?” деп сыпайы жымиғанының өзі іш тартудың сиқырлы сезімін үстіне құя салғандай, онсыз да ебіл-себіл отырған жігіттің бойын балқытып жіберді. Құдай-ау, бір сәттік сезімнің бір ғасырлық тағдырға бара-бар екенін кім ұққан, ұғусыз-ақ, сол сезімнің ұзын-сонар өмірінің ешқашан қызуы қайтпайтын қайнарындай қуатпен құндақтап аларын кім білген?! Бәріне – шақша басқа салып, салыстыру тереші. Ауылдың қызы кең етек қызыл шыт көйлеген көлбеңдетіп, қаланың татар көпесінің үлде мен бұлдеге оранған кербез қызының қасына тұра қалды ... Сұлулық байлықты таңдамайды, жүректің қалауы ғана бірін кері ысырып, екіншісін алға шығарады. Ириаданың иегінің астынан орай байлаған қарапайым орамалының өзі біртүрлі бала кезден санасына сіңген ауыл суретінің көшірмесіндей ыстық, тұлабойынан туған жердің таңғы шыққа малынған жусанының жұпар ісі аңқитындай. Мария бұлдырап кейін шегініп, Ириада күлімсіреп, сезім табалдырығынан бері аттап келе жатты. Ишанбай қателескен жоқ, қаламгер ретінде сол бір сезімдерді көркемдік биікке көтеруге тырысып, жанымды қинап қағазға түсіруімнің құны көк тиын, сол сәтте Қарағұл әулетінде бір шаңырақтың уығы өзінен-өзі қадала бастап еді. Сол сезім Алматыға келгеннен кейін де Ишанбайға маза бермеді. Ақыры, сол сезім қайта-қайта туған жерге тартып, Қарағұлдың кенже ұлының байырғы көршісінің қызы Ириадаға үйленуімен саябыр тапты.

xxx

Профессор Н.П.Поповтың кабинетінен Ишанбай көңілді шықты. “Қареке, – деді әкесіне не алғаш рет құрдасының қалжындап, – құттықтауына болады, ғылым да қорықшының құнқақты баласының құрығына ілінеді әлі. Әттең, дүние, тірі бол менің қалай қуанғанымды көрсең ғой!”.

Алатауға асқақтай қарап ұзақ тұрды. Енді тау басындағы ақ қардың ызғарынан шошудың қажеті жоқ.

Бақытты балалықтың бақытсыз тіршілігін еске алу енді үрейлі емес, тіпті тау өзені домалатқан тастардай дүние сырына үңілмей жатып, өмір ағысындағы бақ пен бақыттан түңілдіретін ұшы қиырсыз рухани соққылардан да құтылатын болады. Ғылым жолы айқын жол, ғылым алдамайды, ғылым адам қылады, тек жігер керек. Еңбек, еңбек, еңбек керек. Институттың аспирантурасына қабылданған күнді қалай айналсаң да еш артықтығы жоқ. Арман алыста еді, алақанға қонды. Шүкір, шүкір, жаратқанға! Экспедициядан оралған Ишанбай, ондағы қыруар жұмыстың қорытындысын қағазға түсіріп те, ауызша айтып та тиісті орындар алдынан өтіп, қолы босасымен өзі оқыған институтқа асықты. Аспирантура мәселесі негізінен экспедицияға дейін де шешіліп қойған-ды. Күн тас төбеде шақырайып, жа-

лаңаш денеге пістедей қадалса да қашқақтамай Ащы Ойылдың мөлдір суына қойып кетіп, жағалауға сергіп, секіріп шығардағы төни жеңілдік осы жолы да аяғын жерге тигізбей, қалқытып келеді. Ғылымға деген құштарлықтың қуаты тау тесердей еді, бірақ, амал не, алпауыт өмір толқыны оны жұмақтай жайлы балаң сапарынан жұлып алып, еріксіз дүлей күрес ортасына қайтадан лақтырды да жіберді. Ишанбай, институтта көп кідіре алмады, өйткені оны мына қыз-қыз қайнаған өмірдің тағы бір кезекті сыны күтіп тұр еді.

Институттағы шәкірттік кезеңі аяқталар-аяқталмаста, ел басқарған адамның төбедеп түскендей ғып жүктей салған үкіметтік міндетті, шамасы жаман атқармаған болуы керек, жас шаңырақ көтерудің бой балқытқан ыстығы басылмай, сол алаулаған сезім үстінде енді ғылым әлеміне есік ашылды-ау деп жүрегі атқақтап жүргенде, аяқ астынан тағы да бәрі өзгеріп сала берді. Бұ тағдыр, Қарағұл қорықшының ең болмаса бір баласының өмір жолы ашық болсыншы деді ме, жаратқан иемнің рақымы жауып, туған өңірінен жақында ғана үлкен туыстық сезіммен оралған Ишанбайды “айналайын Үкімет” қайтадан есіне алыпты.

О, о, неткен зымыран уақыт, неткен арынды ұмтылыс. Онда, Ишанбай бар болғаны төрт-бес жасар бала еді. Бірақ, қара жұртты қайғыға батырған сол бір шіңгіттір шілде өмірі есінен кетпейді. Қалың қазақтың қабырғасын қайыстырып кеткен шешек, оба аурулары Ойылдың сары даусын да жалап, жалмап жайылғанда ағалары Жаналы мен Мұқаналының, апасы Жанияның жас төмпешіктерін құшнақтап, көз жасын көлдеткен анасы Ақанайдың тірі өліктей түрі сәби Ишанбайдың уыз санасына таңбадай басылып еді. Шикіл сары бала сол сәтте не ойлап жарытты дейсің, дегенмен өмір сол қаралы оқиғаны ұмыттырған жоқ. Ел аузында қалған "1913 жылғы оба ауруының көрінісі" деген өлеңді әкесі Қарағұлдың аузынан талай рет естіген-ді.

"Қуады жалған дүние адамзатты, Тірліктің қызығы да балдан тәтті. Көмуге жер қазушы болмаған соң, Өлікті жүз елуден отқа жақты. Аспаңға түтін шықты будақ-будақ, Томарды карболкамен салған турап.

Іесі өліп, төрт түлік мал босқа қалды, Ақкөлдің бақасындай улап-шулап.

Қап-қара түтін шалған зілмәңкелер

Адыра қыр басында қалды қурап ...".

"Мұны сол жылдарда Ойылдың уездік ауруханасында дәрігер болып істеген Халел Досмұхамедұлы деген бір зиялы азамат шығарыпты" деп күрсінуші еді марқұм әкесі. Кім біледі, айналасында бір нәрсе жыбыр етсе, елենдемей қаламайтын елгезек бала мұндай сарытап сарынға жаны сыздамай тұрушы ма еді.

(Басы жалғасы келесі санда)

ТАМАҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН...

Жуырда Ақтөбе облысының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жұмыс тобы Ойыл ауданындағы ауыл шаруашылық құрылымдарының жетекшілері және кәсіпкерлерімен кездесті. Кездесу барысында Ойыл ауданындағы шаруашылықтарды қолдаудың көлемі мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталды. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясының орынбасары Ұбайдолла Мадирович Әуелбаев ауыл шаруашылығы саласындағы өзгерістермен толықтыруға байланысты түсінік берді және ауыл шаруашылығының басқада сауалдарға жауап берді. Кездесуден кейін облыстық басқарма басшылары шаруа қожалық басшылары мен жеке кәсіпкерлерді жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізді.

Халықтың хал - ахуалын көтерудегі басты міндеттердің бірі - оларды сапалы жоғары тағамдық өнімдермен қамтамасыз ету.Осыған орай шикізаттың сапасын қадағалайтын, дайын өнімдерді ветеринариялық-санитариялық сараптау беруде дұрыс сақталуын бақылауда мал дәрігердің ролі арта түседі. Осы жағдайда, мал

өнімдерін дүкендерде сату мүмкіндігін арттырады. Сондықтан да, сойғаннан кейін ұшаларға мөр соғылып, ветеринариялық-санитариялық сараптау құжатын алу керек. Мал өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптау актісін алу және танысу тағамдық аурулар мен тағамнан уланудың алдын-алудың кепілі. Лажсыз сойылған малдардың етін залалсыздандыру мен пайдалану салдарынан ет те және басқа сойыс өнімдерінде болатын өзгерістерді білуі қажет. Ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмысының әлеуметтік маңызы зор. Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы ішкі сауда объектілерінде орналасқан ет және ет өнімдерін сататын жеке кәсіпкерлерге қажетті ветеринариялық ілеспе құжаттардың болуы, мал сою пункттерінен берілетін ветеринариялық-санитариялық сараптамалар және №2 форма ветеринариялық анықтама құжаттарының болуы түсіндіріліп, үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Е. МЕКЕЕВ,
ҚР АШМ ВБжҚҚ Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының ветеринариялық-санитарлық инспекторы.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ АЯҚҚА ТАПТААЛМАЙДЫ!

Адам құқығы және оның заң бойынша қорғалуы елімізде басты назарда екендігі баршамызға мәлім. Сонымен қатар, заң талабы да адам құқығының тең заң аясында қорғалуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының ата заңы Конституцияда оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі анық көрсетілген. Демек елімізде адам құқығына кепілдік беріліп, заң аясында қорғалуы толық қамтамасыз етілгендігінің дәлелі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылатындығы көзделген. Әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой бөделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар.

Әр адам, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар. Адамның еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы бар және адамның құндылығы тең еңбегі үшін, нендей бір кемсітусіз, тең еңбек ақы алуына құқығы бар.

Жұмыс істеп жүрген әр адам өзінің және отбасының ылайықты өмір сүруін қамтамасыз ететіндей әділ және қанағаттанарлық, және, қажет болған кезде, басқа әлеуметтік қамсыздандыру құралдары арқылы толықтырылып оты-

ратын, сый-сияпатқа құқылы. Еліміздің кез-келген тұрғыны конституциямен немесе заңмен берілген негізгі құқықтары бұзылған жағдайда, құқығын заң органдары арқылы тиімді түрде қалпына келтіруге құқылы.

Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды.

Ойыл аудандық сотының төрағасымен адамдардың құқығын біліп және өз құқықтарын жүзеге асыру бағытында қабылдау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Көбіне дерлік жеке және заңды тұлғалар Ойыл аудандық сотына еңбек заңнамасы бойынша түсінік алуға келіп жатады. Яғни келушілерге сот төрағасы еңбек заңнамасы бойынша түсінік беріп, қойылған сұрақтарға заң аясында тиісті жауаптар беріп отырады. Жалпы еңбек заңнамасы бойынша ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша ешқандай кемсітуге болмайды.

Еңбек саласында өз құқығым бұзылды деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа немесе өзге де орындарға жүгінуге құқылы.

Жалпы адам құқығының қорғалуы ілгерілеудің белгісі болып табылады. Мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы адам және оның өмірі болғандықтан адам құқығы тиісті түрде қорғалып, адам құқығының қорғалуы жоғары деєйде жүзеге асуы қажет.

Ж. МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжояр көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабылмайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1423 дана. Тапсырыс 591 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.
--	--	--

ДЕПУТАТ ПЕН СҰХБАТ

«МӘСЕЛЕНІ МІНБЕРДЕ АЙТУ - ШЕШІМІН ТҒЗДЕТЕДІ»

ХАЛЫҚ АРАСЫНДА БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ДЕПУТАТТЫҚТЫ ЖАЛАҚЫ АЛАТЫН ЖҰМЫС ДЕП ТҮСІНЕТІНДЕР ӨЛІ КӨП. ӨРИНЕ, ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ, СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ КӨСІБІ ДЕҢГЕЙДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕСІН ТҰРАҚТЫ ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ. АЛ, ЖЕРГІЛІКТІ МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ НЕГІЗДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ. Яғни, нағыз ПАТРИОТТАР. ӨЗ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ЖЫЛДЫҢ ҚАЙ МЕЗГІЛІ БОЛСЫН ШАРУАЛАРЫН ЖИЙП ҚОЙЫП, СЕССИЯ ОТЫРЫСТАРЫНА БАРАДЫ. БЕЛГІЛЕНГЕН КЕСТЕГЕ СӨЙКЕС АУЫЛДА ТҰРғындарды қабылдау өткізеді. Ал, ауылда жылдың қай уақыты да ҚАРБАЛАС ШАҚ. СОҒАН ҚАРАМАСТАН БӨРИНЕ УАҚЫТ ТАУЫП ҮЙЛЕСТІРІП ЖҮРГЕН №7 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІМЕН ХАЛЫҚ СЕНІМІН АРҚАЛАҒАН ТІЛЕКБАЙ ӨМІРОВПЕН СҰХБАТТАСУДЫҢ СӘТІ ТҮСТІ.



- Тілекбай Идеяттоллаұлы, депутаттыққа түсудегі мақсат қандай еді?

- Өз басым бала күнімнен еңбекке араласып өстім. Сондықтан, ауылдың барлық мәнхатын білемін. Бірақ, бір нәрсе айқын. Билік көксеп, мансап іздеп мандатқа ұмтылғаным жоқ. Басқаларды білмеймін, мен өз ісіме барынша жауапкершілікпен қараймын. Қашанда білдірілген сенімді ақтауға тырысамын. Ауылдың тұрғындары кішкентай бір мәселе туындай қалса, билікке барып, шағымданып, тұрғындардың барлығы бірауыздан қажетті дүниесін талап етеді.

«Ауруын жасырған өледі» демекші, қандай проблема болса да, бәрібір ештеңе өзгермейді деп отыра берсек, ештеңе өзгермейді. «Аманат» партиясынан ұсыныс болғанда, өзімде бар екен деп отыра бермей, мүмкіндікті пайдаланып, мәселені ауыл-үйдің арасында, той-садақта ғана айтпай, елдің мұқтажын мінберден заңды жеткізуді ойладымы.

- «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз!» деп өткен ғасырдың басында Мағжан ақын айтып кетіпті. Содан бері елі ауылды «гүлдендіре» алмай көлеміз. Сіз Көптоғайды «көркейту» үшін екі жылда қандай мәселе көтердіңіз?

- Сайланған уақыттан бері бүгінгі күнге дейін өткізген 14 қабылдауыма 38 адам келіп, тұрақты жұмысқа орналасу, Көптоғай-Ойыл бағыты бойынша жол мәселесі, газдандыру сияқты мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сай тұрғындар мен шаруа қожалықтарының қосалқы шаруашылығындағы төрт түлік малдарына жыл сайын ветеринарлық іс шаралар жүргізуге міндетті. Бірақ, барлық жерде бірдей ветеринариялық іс-шараларды жүргізуге қолайлы жағдайлар жасалмаған еді. Осыған орай, өткен жылы ауылдық округте ветеринариялық және басқа да іс-шаралардың уақытылы және сапалы жүргізілуі үшін, ауылдық округ орталықтарынан және елді мекендерінің екі жақ кіре берістеріне талапқа сай аула мен расколдар орнатылуларына қаражат бөлініп, ықпал етуін сұрап, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменге депутаттық сауал жолдадым. Нәтижесінде, барлық ауылда да талапқа сай расколдар орнату жұмыстары басталды. Бұл жұмыс әлі де жалғасын табады.

- «Жол мұраты жету» дегенмен, оның «азабы» барлық ауылдың ортақ бейнесі. Ауылды бұл «бейнеттен» толық

құтқару өзiрге мүмкін емес. Десек те, «жеңілдетудің» қандай жолдары қарастырылып жатыр?

- Менің сайлау округіме қарасты сайлаушылардан түсіп отырған негізгі мәселенің бірі де сол - Қарасу-Көптоғай көтерме автомобиль жолы. Қарасу ауылында жалпы 250-ден астам тұрғын тұрады және сол бағытта округ орталығынан онға жуық шаруа қожалықтары орналасқан. Аталған мәселе бойынша ауылдық округтің және құзырлы мекемелердің ақпараты бойынша Қарасу-Көптоғай жолының ешқандай төлқұжаты жоқ және аудандық маңызы бар жолға жатқызылмаған. Осы орайда, Қарасу-Көптоғай жолын алдағы уақытта құжаттандыруды қажет етеді. Сондықтан, бұл мәселе де менің депутаттық сауалымнан кейін қолға алынып жатыр. Қарасу-Көптоғай жолы 2023-2024 жылдардағы көктемгі қатты су тасқыны кезінде жарамсыз болып қалды.

Осы кезде Қарасу тұрғындары округ орталығына қатынай алмай, азық-түлік, керек-жарақтарын алу үшін бір айдан астам уақыт көршілес жатқан Атырау облысының Сағыз ауылына баруға мәжбүр болды. Құжатқа қарап, қол қусырып отырған жоқпыз. Қарасу-Көптоғай арасындағы көпірдің су шайып кеткен екі жиегін бор төсеп, қатқылдандыру жұмыстары қолға алынып жатыр.

- Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан: Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ.

ӘНМЕН ӨРІЛГЕН ДОСТЫҚ КӨПІРІ

ӨТКЕН АПТАДА КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АЯУЛЫ ҚЫЗЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚОБДА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР ҰЖЫМЫ АРНАЙЫ КЕЛІП, МЕРЕКЕЛІК КӨШПЕЛІ КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. БҰЛ - ЕЛ ТАРИХЫНА ДЕГЕН ТАҒЫМ МЕН ЕКІ АУДАН АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚТЫ ДӨРІПТЕГЕН МӨНДІ КЕЗДЕСУ БОЛДЫ.



Концерттік бағдарлама көрермендерді бірден баурап, сахна төрінде Қобданың өнерпаздары ұлттық нақыштағы ән мен би арқылы Әлия бейнесін айшықтай түсті. Әрбір қойылым, әрбір ән - батыр қыздың рухына тағзым, ұрпаққа үлгі болды. Кеш көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көпшіліктің жүрегіне жол тапты.

Әсіресе Қобда ауданынан келген өнер ұжымының жанды да шынайы орындаулары көрермендерді терең толғандырды.

«Батыр туса - ел ырысы» дегендей, Әлияның ерлігі - ел намысының символына айналып, бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлық рухани бағдар болды. Шара соңында Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұрат

бай Айдарбаев пен "AMANAT" партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин жүрекжарды лебіздерін білдіріп, Қобдадан келген өнерпаздарға алғыс айтты. Еркін Жиеналин - Қобда ауданының әнұранына айналған әннің авторы ретінде де танымал. Осы сапарда ол өнердің ұлт пен ұрпақты біріктіретін құдіретті күш екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Екі аудан бір-біріне естелік сый-сияпаттар табыстап, мәдени байланыстың маңызын айқындай түсті. Бұл кездесу - руханият пен татулықтың алтын көпірі іспетті.

Қобда мен Ойыл арасындағы бұл мәдени диалог - рухани сабақтастық пен бауырластықтың айқын көрінісі болды. Әлияның мәңгілік рухына арналған бұл кеш жүрекке ой салып, өнер мен тарихты тоғыстырған тағалымды тағзым ретінде ел жадында сақталары анық.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТҰЖЫРЫМАМАСЫ

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ (БҰДАН ӨРІ-КОНКУРС) АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАНДАНДЫРУҒА ЖӘНЕ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕНІҢ (ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚТЫҢ) ОҢ ИМИДЖІН ДАМУЫҒА, ОТБАСЫ МӨРТЕБЕСІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.



Конкурсты өткізу мақсаттары:

- 1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңыздылығын мойындау;
- 2) балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілігін арттыру;
- 3) отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз және қарт ата-аналарға қамқорлығын көрсету және кеңінен насихаттау;
- 4) қазақстандық отбасының оң имиджін насихаттау.

КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӨРТІБІ:

1. 2025 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) дайындау және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын жаңарту.
2. 2025 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде облыстарда, қалаларда, аудандарда мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, қоғам қайраткерлері және өткен жылдардағы конкурс лауреаттары қатарынан тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің әкімімен конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі-комиссия) құру.
3. 2025 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының барлық кезеңдерін ұйымдастыруды және өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің, сондай-ақ дайындауды және өткізуді үйлестірудің Медиа-жоспарын бекіту.
4. Конкурсты өткізу туралы ақпараттық хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілеріндегі ресми akkaунттарында 2025 жылғы 15 мамырда жарияланады.
5. 2025 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін ұлттық конкурсының өтінімдерін қабылдау.

Жұмысшы отбасылар мен әулеттерді конкурсқа тарту үшін өндірістік кәсіпорындарда кеңінен үгіт-насихат жүргізуге баса назар аудару қажет. Қатысушыларды кеңінен тарту үшін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ақпараттық жариялау БАҚ мен әлеуметтік желілердегі жарнамалық науқандар - Конкурстың басталуы туралы жергілікті және республикалық БАҚ-қа арналған пресс-релиздер, жарнамалық роликтер мен мақалалар;

- Отбасылық құндылықтарға, экологияға, салауатты өмір салтына арналған танымал интернет-басылымдарда мақалалар жариялау;

- Танымал әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) конкурстың ресми парақшасын ашу;

- Белсенді қатысу және өзара іс-қимыл көрінісін жасау үшін жарқын көрнекі материялдармен (конкурстың қысқаша сипаттамасы бар афишалар, бейнероликтер) посттар жариялау және тақырыптық хэштегтер (мысалы, #Мерейліотбасы) енгізу ;

- Алдыңғы конкурстың қатысушыларымен және жеңімпаздарымен олардың өміріне конкурстың қалай әсер еткенін көрсету үшін сұхбаттар, подкасттар жариялау;

- Отбасылық тақырыпқа, денсаулыққа, спортқа және шығармашылыққа бағытталған танымал блогерлермен ынтымақтастық орнату;

- Белгілі адамдардың қатысуымен тікелей эфирлер өткізіңіз, онда олар байқау туралы әңгімелейді және отбасылық дәстүрлерімен бөліседі.

Көрнекі материалдар және сыртқы жарнама

- Баннерлер мен плакаттарды қала көшелерінде, қоғамдық орындарда (саябақтарда, мектептерде, сауда орталықтарында), көлікте (автобустарда) орналастыру;

- Бұқаралық іс-шараларда (жәрмеңкелерде, фестивальдерде) конкурс туралы ақпаратты тарату үшін көрнекі материалдарды (плакаттар, стикерлер, парақшалар) пайдалану.

Іс-шаралар мен акциялар

- Өткен жылдардағы «Мерейлі отбасы» жеңімпаздарының қатысуымен қоршаған ортаны қорғау бойынша экологиялық акцияларды өткізу (ағаш отырғызу, сенбілік және т.б.);

- Өткен жылдардағы «Мерейлі отбасы» жеңімпаздарының оқушылармен, студенттермен кездесулерін өткізу;

- Конкурстың тақырыптық апталарымен байланысты ашық алаңдарда акциялар мен флешмобтар өткізу (мысалы, спорттық ойындар, шығармашылық көрмелер);

- Мектеп және отбасылық іс-шараларда конкурс туралы ақпаратты тарататын еріктілер топтарын құру;

- Отбасылар қатысуға мүдделі болуы мүмкін мекемелермен (зауыттар, мектептер, балабақшалар, университеттер) серіктестік құру;

- Ата-аналар жиналыстарында және мектеп іс-шаралары шеңберінде конкурстың тұсаукесерлерін өткізу;

- Түрлі ұйымдардың кәсіптік одақтары арқылы конкурстарға қатысуға ақпараттық буклеттер мен шақырулар жіберу.

Жұмысшы отбасылар мен әулеттерді конкурсқа тарту үшін өндірістік кәсіпорындарда кеңінен үгіт-насихат жүргізуге баса назар аудару қажет. Қатысушыларды кеңінен тарту үшін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ақпараттық жариялау БАҚ мен әлеуметтік желілердегі жарнамалық науқандар - Конкурстың басталуы туралы жергілікті және республикалық БАҚ-қа арналған пресс-релиздер, жарнамалық роликтер мен мақалалар;

- Отбасылық құндылықтарға, экологияға, салауатты өмір салтына арналған танымал интернет-басылымдарда мақалалар жариялау;

- Танымал әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) конкурстың ресми парақшасын ашу;

БІРІНШІ КЕЗЕҢ - ӨНІРЛІК ДЕҢГЕЙДЕ, АУДАНДЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ):

Аудандық (қалалық) комиссия конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталған сәттен бастап 2025 жылғы 27 маусымға дейінгі мерзімде

алынған ақпаратты жан-жақты тексеруді жүзеге асырады, іріктеу жүргізеді және екі отбасын айқындайды, содан кейін 2025 жылғы 30 маусымға дейін өз шешімдерін конкурстық құжаттармен облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) комиссияларына жібереді.

*** Аудандық (қалалық) кезеңдердің марапаттау рәсімдері салтанатты түрде 2025 жылғы 15 шілдеге дейін өткізіледі. Отбасыларға ұлттық киімдер немесе ұлттық элементтері бар киімдер кию ұсынылады.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ – ОБЛЫСТЫҚ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА, АСТАНА):

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) комиссиялары 2025 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде аудандық (қалалық) комиссиялардан құжаттарды алған сәттен бастап ұсынылған құжаттарға қосымша қала көшелерінде, қоғамдық орындарда (саябақтарда, мектептерде, сауда орталықтарында), көлікте (автобустарда) орналастыру;

- Бұқаралық іс-шараларда (жәрмеңкелерде, фестивальдерде) конкурс туралы ақпаратты тарату үшін көрнекі материалдарды (плакаттар, стикерлер, парақшалар) пайдалану.

Іс-шаралар мен акциялар

- Өткен жылдардағы «Мерейлі отбасы» жеңімпаздарының қатысуымен қоршаған ортаны қорғау бойынша экологиялық акцияларды өткізу (ағаш отырғызу, сенбілік және т.б.);

- Өткен жылдардағы «Мерейлі отбасы» жеңімпаздарының оқушылармен, студенттермен кездесулерін өткізу;

- Конкурстың тақырыптық апталарымен байланысты ашық алаңдарда акциялар мен флешмобтар өткізу (мысалы, спорттық ойындар, шығармашылық көрмелер);

- Мектеп және отбасылық іс-шараларда конкурс туралы ақпаратты тарататын еріктілер топтарын құру;

- Отбасылар қатысуға мүдделі болуы мүмкін мекемелермен (зауыттар, мектептер, балабақшалар, университеттер) серіктестік құру;

- Ата-аналар жиналыстарында және мектеп іс-шаралары шеңберінде конкурстың тұсаукесерлерін өткізу;

- Түрлі ұйымдардың кәсіптік одақтары арқылы конкурстарға қатысуға ақпараттық буклеттер мен шақырулар жіберу.

Облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) кезеңдердің марапаттау рәсімдері салтанатты түрде 2025 жылғы 15 тамызға дейін өткізіледі. Отбасыларға ұлттық киімдер немесе ұлттық элементтері бар киімдер кию ұсынылады.

Үшінші кезең-республикалық:

- 1.Ұйымдастыру комитеті облыстық (республикалық маңызы бар қалалардан, астанадан) комиссиялардан құжаттарды алған сәттен бастап 2025 жылғы 31 шілдеге дейін жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау үшін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындайтын заңды тұлғаға материалдар жібереді.
2. Конкурс лауреаттарын марапаттау рәсімі 2025 жылғы 12 қыркүйекте Отбасы күні қарсаңында диплом және айрықша белгі (мүсінше) табыс етіле отырып, салтанатты жағдайда өтеді.